



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 12/12
24 қыркүйек



www.instagram.com/qorjyntubek_jarşysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

Жаңалықтар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына үндеуі *Қымбатты отандастар!*



Биылғы жыл жан-жақты реформалар мен нақты өзгерістер жылына айналды.

Маусым айында өткен референдумның нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік орнады.

Мемлекет «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасын берік ұстанады. Мәжіліс пен мәслихаттар жаңа аралас жүйе бойынша жасақталады. Депутаттардың бір бөлігі партиялық тізіммен, қалғаны бір мандатты округтен сайланады. Конституциялық сот құрылып, алдағы қаңтар айынан жұмыс істей бастайды. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты конституциялық мәртебеге ие болды. Биліктің бірқатар өкілеттігі қайта бөлініп, кейбір құзыреттер Президенттен Парламентке берілді. Енді өңірлердің әкімдері баламалы жолмен таңдалады.

Конституцияға жер және оның қойнауы халыққа тиесілі деген бап енгізілді. Мен осы ережені жүзеге асыру үшін «Ұлттық қор – балаларға» деген мүлде жаңа бағдарлама ұсындым.

Конституциялық реформа – мен Мемлекет басшысы болып сайланғаннан бері жүзеге асырып жатқан ауқымды саяси жаңғыру бағдарламасының ажырамас бөлігі. Осы бағдарлама аясында бейбіт жиналыстарды өткізу үшін алдын-ала ескерту тәртібі енгізілді. Саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілдетіліп, тіркеудің қажетті шегі төмендетілді. Сайлау алдындағы партиялық тізімді жасақтау және депутат мандаттарын бөлу кезінде әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді. Саяси партиялардың Мәжіліске өту шегі 7-ден 5 пайызға төмендеді. Сайлау бюллетендеріне «бөріне қарсымын» деген баған қосылды. Парламенттік оппозиция институты құрылды. Қылмыстық кодекстің 130-бабы қылмыстық деп танылмай-

тын болды, 174-бабы ізгілендірілді. Өлім жазасы жойылды. Ауыл әкімдерін тікелей сайлау тәсілдері енгізілді. Сондай-ақ басқа да көптеген тың бастамалар жүзеге асырылды.

Жалпы, соңғы үш жылда жасалған өзгерістер мен конституциялық реформа мемлекеттік-саяси құрылымның жаңа үлгісін қалыптастырды. Сондықтан мен Жолдауымда сайлау мерзімін жария түрде және ашық айттым. Осылайша, біз басты мемлекеттік институттар – Президент, Парламент, Үкімет және мәслихаттардың бәрін біртіндеп қайта құрамыз.

Осы бастама жарияланғаннан бері бір айға жуық уақыт өтті. Бұл – барлық мәселені байыппен талқылап, жағдайды бағамдауға жеткілікті мерзім.

Халық біздің саяси жүйені өзгерту туралы жоспарымыздың мән-маңызын жақсы түсініп отыр. Сондықтан мен бүгін бұған дейін айтылған сайлаудың мерзіміне және Конституцияның талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2022 жылғы 20 қарашада өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Бұл науқан елдің бүкіл саяси жүйесін түбегейлі өзгертетін сайлау кезеңін бастап береді. Сол арқылы экономиканы тұрақты дамытуды, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуды көздейтін ұзақ мерзімді міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік туады.

Мен Жолдауымда бірқатар ауқымды әлеуметтік-экономикалық шаралар қолға алынатынын жарияладым. Біз оның бәрін жақын арада жүзеге асыруымыз керек. Көп ұзамай қоғамға сайлау алдындағы тұғырнамамы ұсынамын. Онда әлеуметтік-экономикалық дамуды көздейтін жаңа бастамалар айтылады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде сайлау науқаны қатаң түрде заңға сәйкес өтетініне кепілдік беремін. Оны отандық және шетелдік байқаушылардың қатысуымен әділ әрі ашық өткізетін боламыз.

Барша азаматтарымызды жауапкершілігін сезініп, демократия, заң және тәртіп қағидаттарын берік ұстануға шақырамын. Еліміздің бірлігі мен тұтастығын көрсете білейік.

Халқымыздың тағдыры, Қазақстанның болашағы әрқайсымыздың қолымызда. Біз Әділетті Қазақстанды бірге құрамыз!

akorda.kz

Қазақстан Республикасының елордасы – Нұр-Сұлтан қаласының атауын Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы деп өзгерту туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының елордасы – Нұр-Сұлтан қаласының атауы Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы деп өзгертілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қ.Тоқаев
Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы
17 қыркүйек № 1017

akorda.kz

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы



Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2022 жылдың 20 қарашасына тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстар-

дың әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін уақытында жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.

5. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қ.Тоқаев
Астана, Ақорда, 2022 жылғы
21 қыркүйек № 1019

akorda.kz

Приозерск қаласының аумақтық сайлау комиссиясы аумақтық сайлау комиссиясы комиссия құрамы туралы ақпаратты жариялайды
Приозерск қалалық сайлау комиссиясының ҚҰРАМЫ

Орталығы – «Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ ғимараты, Пушкин көшесі, 7 үй, тел/факс: 53288.

Төраға - Медетбекова Алма Аманқызы
Төраға орынбасары - Махатов Жазылбек Косанбаевич
Хатшы - Жұмахан Шұғыла Талғатбекқызы
Комиссия мүшелері:
Курбанбаева Болар Декхановна,
Идирахманов Канатбек Каттабекович,
Купяшаров Жуломан Киримович,
Убисов Талгат Турмаханович.

Территориальная избирательная комиссия города Приозерск объявляет информацию о составе территориальной избирательной комиссии.
СОСТАВ
Приозерской городской избирательной комиссии

Центр – здание ГУ «Аппарат акима города Приозерск Карагандинской области»; ул.Пушкина, дом 7, тел/факс: 53288.

Председатель - Медетбекова Алма Амановна
Заместитель председателя - Махатов Жазылбек Косанбаевич
Секретарь - Жұмахан Шұғыла Талғатбекқызы
Члены комиссии:
Курбанбаева Болар Декхановна,
Идирахманов Канатбек Каттабекович,
Купяшаров Жуломан Киримович,
Убисов Талгат Турмаханович.

ЖРВИ және тұмау сырқаттары, алдын алу шаралары



Жедел респираторлық вирусты инфекцияларды (әрі қарай ЖРВИ) тудыратын негізгі вирустар - парагрипптік вирустар, аденовирустар, риновирустар, рэовирустар және респираторлық микоплазмалық инфекциялар.

Тұмауға келетін болсақ, ресми түрде оны ЖРВИ-ге жатқызуға болады, өйткені бұл ауру да вирустан туындаған. Дегенмен, тұмаудың қауіптілігі жоғары болғандықтан, бұл ауру бөлек қарастырылады. Ал тұмаудың алдын алу ерекше байыптылықпен жүргізілуі керек.

- Алдын алу шаралары екі санатқа бөлінеді – арнайы және арнайы емес. Арнайы алдын алу шарасына жаппай вакцинациялау жатады, арнайы емес алдын алу шарасына адамның өзі тазалық шараларын қолдану яғни үй жайларды жиі желдету, дезинфекция қосып ылғал сүрту, көпшілік жерде маска кию, қолды таза ұстау, жалпы тазалық гигиенасына көп көңіл бөлу.

Инфекция қоздырғышының көзі:
- Ауырған адам
Қоздырғыштың берілу жолдары:
- Ауа-тамшылы (жетелгенде,
түшкіргенде және сөйлескенде инфек-

ция ауаға ұшып келесі адамға беріледі)

Инфекция қоздырғышының берілу факторлары: жұқтырған ауа

Тәуекел топтарына келесі жатады:

- Медициналық ұйым қызметкерлері

- Ұйымдастырылған топтардағы балалар

- Қарт адамдар

- Инвалидтік топтағы диспансерлік есептегі адамдар

- жиі ауыратын созылмалы сырқаты бар адамдар

ЖРВИ кезінде жөтел аурудың ең басында пайда болады. Бұл жөтел құрғақ және өте күшті емес.

Тұмау кезінде жөтел екінші немесе тіпті үшінші күні ғана сезіледі (әдетте ол мұрынның ағуымен және тамақ ауруымен бірге жүреді). Тұмау жөтелі, күшті және шаршағыш, жиі кеудедегі ауырсынумен бірге жүреді, бұл тұмау вирусының трахеяның шырышты қабатында «қонып қалуына» байланысты пайда болады.

Тұмау белгілері – бастың, көздің, бұлшықеттердің ауыруы, қалтырау, қатты терлеу, әлсіздік, бас айналу, дененің ауыруы, әлсіздік сезімі және температураның өте күрт көтерілуі (әрқашан 39-дан жоғары, кейде тіпті 40-тан жоғары).

ЖРВИ мұрын бітелуімен және тамақ ауруымен басталады. Температура сирек 38,5-тен жоғары

Тұмау кезінде интоксикация қатты көрінеді, яғни вирустар мен

қорғаушы жасушалардың ыдырауы нәтижесінде пайда болатын зиянды заттармен дененің улануы.

Тұмау ЖРВИ-ге қарағанда әлдеқайда ауыр және жиі пневмония және жүрек-тамыр және жүйке жүйесінің зақымдануы түріндегі ауыр асқынуларға әкеледі. Көптеген өлімге әкелетін тұмаудың өзі емес, оның асқынуы.

Суық немесе ЖРВИ-мен бір апта бойы емделгеннен кейін адам қалыпты өмір сүре алады.

Тұмаудан кейін қалпына келтіру кезеңі бір айға созылуы мүмкін: басы айналады, қысым секіреді, тамақ жегіңіз келмейді, жалпы әлсіздік. Бұл «астениялық синдром» - басқаша айтқанда, бұзылу. Төсек демалысын ұзартыңыз.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) болжамына сәйкес, алдағы 2022-2023 жылдардағы эпидемиологиялық маусымда А (H1N1) тұмауы және В тұмауы вирустары айналымда болуы мүмкін

Тұмаудың алдын алу шаралары
1 Тұмау, ЖРВИ клиникалық көріністері бар адамдарды оқшаулау
2 Ауырған адам вирустың басқаларға берілмеу, жұқтыруды болдырмау ақстаында өзін өзі оқшаулау қажет

3 Бір рет қолданылатын маскаларды қолдану (маскаларды әр 2-3 сағат сайын ауыстырып, қолданылған маскаларды уақтылы кәдеге жарату негізінде)

4 Үй-жайларды ылғалды тазалауды жүргізу дезинфекциялау құралдарын қолдану, үй-жайлар-

ды күніне кемінде 4 рет желдету

5 Жеке жеке күтім, яғни жеке гигиенаны сақтау

6 Спорт, денені жалпы нығайту

7 Оксалин немесе басқа жакпа майларын қолдану

Вакцинация :

Тұмаудың алдын алудың ең сенімді жолы - вакцинация. Тұмауға қарсы екепке тиімді, бірақ ұзақ мерзімді иммунитетті қамтамасыз етпейді, сондықтан жыл сайын вакцинациялау қажет. Тұмауға қарсы тұрақты вакцинация вирусқа қарсы антиденелердің өндірісін арттырады. Вакцинаның жанама әсері жоқ, ал жақсартылған композиция вирустың мутацияланған штамдарынан қорғайды. Уақтылы вакцинация инфекцияның алдын алады. Тіпті жұқтырған болса да, ауру жеңіл түрде өтеді.

Вакцинациялауға 60 жастан асқан диспансерлік есептегі созылмалы сырқаты бар ересектер (15-29 жас арасындағы, 30-64 жас арасындағы) азаматтар, иммунитеті төмен жиі ауыратын диспансерлік есептегі адамдар, жүкті әйелдер, медициналық қызметкерлер, диспансерлік есептегі балалар (оның ішінде 0-4 ж дейін, 5-14 ж дейін), ұжымдық балалар, балалар үйінде тәрбиеленетін балалар, инвалидтігі бар адамдар жатады.

Приозерск қалалық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

2022-жылғы қыркүйек айының 21-жұлдызында VII шақырылған Приозерск қалалық мәслихатының онлайн трансляция арқылы кезекті XIX сессиясы өтті. Сессия отырысын мәслихат хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сарсембеков жүргізді. Сессия жұмысында төмендегі мәселелер қарастырылды:

1. Жетінші шақырылған қалалық мәслихатының депутаты болып Ерік Таткенұлы Балтышев тіркелді.

2. Приозерск қаласы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебі;

3. Қаланың 2022-2023-жылдарға қысқы жылу беру мерзіміне дайындығы туралы есебі;

4. Приозерск қаласында ауыл шаруашылығы бойынша атқарылып

жатқан жұмыстары туралы есебі;

5. Приозерск қаласында жемқорлыққа қарсы күрес бойынша атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі;

6. «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі;

7. «Приозерск қалалық учаскелік сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

8. Әр түрлі мәселелер.

Приозерск қалалық мәслихатының VII шақырылған онлайн трансляция арқылы өткен кезекті XIX сессиясы қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулы қабылдады.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Бүгін — анамыздың туған күні. Осыған орай, ардақты да асыл анашы-

мызды шын жүрегімізден құттықтаймыз. Деніңізге саулық, шаңырағыңызға ырыс-байлық, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы қалпыңыздан танбай, жетістіктен жетістікке жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын. Жүзіңізден шуақ кетпей, ғұмыр бойы мез-мейрам болып, өмірдің қызығына тоймай, ортамызда жүре беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз артып, аңсаған армандарыңыздың асуларына шыға беріңіз. Жұлдызыңыз жоғары, мерейіңіз үстем болып, қуанышқа кенеліңіз.

Ізгі тілекпен;

Балалары - Махамбет, Ханишайым, Досмұхамбет, Али, Мәди

ҚАМДАНҒАН – ҚАПЫ ҚАЛМАС!

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

«Қыс – қыр астында», демекші, әрбір елдімекен, қалалар үшін аса маңызды науқан – қыс айына дайындық жұмыстары негізінен жылу беру науқаны аяқтала салысымен басталып кететіні анық. Себебі қыс науқаны нағыз сынақ мерзімі екені белгілі. Бұл жыл сайын қайталанып отыратын үрдіс. Бүгінгі таңда тұрғын үйлерге қызмет көрсететін кейбір жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде қыс науқанына дайындық шаралары аяқталып та қалғанынан хабардармыз. Сондықтан қаладағы қызмет көрсету аясы ауқымды «ARAI-2017» ЖШС басшысы Болат Әлімханұлы Қыпшақбаевпен жолығып, науқанға дайындықтарының барысы туралы сұқбаттасқан едік. Осынау сұқбатты «Қоржынтүбек жаршысы» газетінің оқырмандары назарына ұсынамыз.



Тілші: Әуелі жүргізіп жатқан дайындық істеріңізге сәттілік тілеп, қысқы науқанға дайындық жұмыстарының барысы туралы мәлімет беруіңізді өтінеміз.

Болат Әлімханұлы: «ARAI-2017» ЖШС қазіргі таңда 27 көп қабатты тұрғын үйлерге сервистік қызмет көрсетеді. Қысқы жылу беру науқанына дайындық жұмыстарын жыл сайын көктемгі жылу беру кезеңі біткен бойда бастаймыз. Қазіргі кезде «ARAI-2017» ЖШС 2022-2023-жылғы жылу маусымына дайындықты аяқтау үстінде. Қазіргі кезде 27 көп қабатты тұрғын үйдің дерлік барлығы науқанға дайын

деуге толық негіз бар. 2021-22-жылғы жылу маусымы тоқтағалы, келесі жылғы жылу маусымына дайындық жұмыстары жалғасып, тынымсыз еңбектерінің арқасында дайындықты аяқтауға шақ қалдық. Бекітілген жоспар бойынша қыркүйек айының 1-жұлдызына дейін аяқтаймыз. Сонымен қатар подъездердің кіреберіс баспалдақтарын қалпына келтіру, дала орындықтары мен подъезд есіктерін сырлап, бояу жұмыстары өз жалғасын тауып жатыр. Тұрғын үйлердің айналасын тазалап, өскен шөптерін ору жұмыстары да орындалып жатты. Сонымен қатар тұрғын үйге қатысты барлық инженерлік жүйелері (суық су, жылу, көріз, электр жүйелері) тексеріліп, жарамсыз жерлері жаңа бөлшектермен ауыстырылды. Яғни, біздің қарамағымыздағы барлық үйлер қыс науқанына толық және сақалдай сай дайын деуге болады. Бұл туралы тиісті орындарға есеп беріледі.

Тілші: Сіздердің осы салада тұрғындарға сервистік қызмет көрсетіп келе жатқандарыңызға қанша уақыт болды?

Болат Әлімханұлы: Бұрынғы «Тұрғын үйлерді қайта қалпына келтіру» коммуналдық шаруашылық басқармасы заман ағымынан қалып қойғаннан кейін, еліміздің басқа қалаларындағыдай бізде де КСК-лар құрыла бастағанынан хабарыңыз бар ғой. Сол кезде менде де халыққа қызмет көрсетуге атсалысайын деген ой, мақсат пайда болып, «ARAI-2017» ЖШС-ін құрдық. Жұмысшы-қызметкерлерді қала тұрғындарынан жасақтап, міне, бес жылдан бері біргелікте жұмыс істеп келеміз.

Тілші: Қазір ұжымдарыңызда қанша жұмысшы-қызметкерлер бар? Құпия болмаса, олардың жалақысы қандай көлемде?

Болат Әлімханұлы: Біздің мекемеде қазіргі кезде 16 жұмысшылар мен қызметкерлер халыққа қызмет көрсетуде. Оның ішінде 5 аула тазалаушы, 3 слесарь-сантехник, 1 электрик, 2 ағаш ұстасы, 1 кассир, 1 есепші, 1 заңгер, 1

бас директор мен 1 атқарушы директор осыншама ауқымды жұмысты біргелікте, ауызбірлікпен атқарып, тұрғындарға қалтқысыз қызмет көрсетуге тырысуда. Жасыратын ештеңе жоқ, жұмысшылардың жалақысы 100 мың мен 130 мың аралығында, ал қызметкерлер айлығы 80-100 мың көлемінде. Елдегі қымбатшылыққа қарай жалақы көлемін арттыруға біздің халықтан жиналатын төлем тарифінің төмендігі, құрылыс материалдарының, сантехникалық құрал-жабдықтардың өте қымбаттап кетуі мүмкіндік бермеуде. Дегенмен, әлеуметтік жағынан осал топқа жататындарға, Чернобыль апатына қатысушыларға 50 пайыздық жеңілдікпен төлеу жағын жолға қойғанбыз. Аз да болса, жұртқа көмек болсын деген ниет.

Тілші: Жалпы қандай қызметтер көрсетесіздер? Сіздердің атқарып жатқан қызметтеріңізге, жасап жатқан жұмыстарыңызға тұрғындардың көңілі тола ма?



Болат Әлімханұлы: Жоғарыда атап өткенімдей, біз жалпы 27 көп қабатты үйдің ауласын, подъезін тазалаумен, үйге шейін кіретін судың, жылудың құбырларын жөндеумен, төбе шатырын қалыпты ұстаумен, электр желісінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етумен, жертөлелердегі сантехникалық құрылғылардың қызметін бақылаумен және басқа да қызметтермен айналысамыз. Жұмыс көлемі өте ауқымды болғандықтан, шағын жұмысшы-қызметкерлер күшімен 100 пайыз қарқында

жұмыс істеу көп қиындық тудыратыны айтпаса да түсінікті. 27 үйдегі жүздеген тұрғындардың көңілін табу мүмкін емес. Онда әртүрлі адамдар бар, ой-пікірі, психологиясы, таным-түсініктері әртүрлі. Көпшіліктің ішінде 1-2 пайыз адам тарапынан негізсіз сындар айтылып жататынын мойындаймыз. Алайда, біз халық үніне әрқашан құлақ асамыз және олармен әрдайым кері байланысқа шығып отырамыз, жеке әңгімелесеміз, түсіндіреміз. Осы жерде айта кететін маңызды мәселенің бірі, ол – қызмет төлемдерін тұрғындардың дер кезінде төлеу, қашақтау жағдайы. Соның кесірінен кейде жұмысшы-қызметкерлерге жалақы төлеу мерзімі кешігіп қалуы мүмкін. Күндіз-түн демей, жылдың барлық мезгілінде жұмыс істейтін жұмысшылар уақытылы жалақысын алуы тиіс. Олар да бала-шаға қамы үшін еңбек етіп жүр. Бұл мәселеде менің өзім, орынбасарым, өзге де қызметкерлер болып әр пәтердің есігін қағып, олармен түсіндірме жұмысын жүргізіп отырамыз. Коммуналдық төлемді уақытында төлеп отыру әрбір тұрғынның міндеті, оны бәрібір төлейді. Одан қашудан мәселе ушығып, сотқа дейін баруға тура келеді. Осындай келеңсіз жағдайға тап болмаудың жолдарын қарастырамыз.

Тілші: Қызмет көрсету деңгейінде шешімін таппаған түйткілді мәселе жоқ па?

Болат Әлімханұлы: Барша үйлердегі тұрғындарды толғандырып жүрген, бізді де мазасыздандыратын бір мәселе – подъездерді жарықтандыру болатын. Жуықта ғана Алматы қаласына арнайы барып, электрүнемдегіш лампаларды алып келдім. Нәсіп болса жуық арада бізге қарасты барлық үйлердің кіреберісіне жарықтар орнатылып, бұл мәселе толық шешімін табатын болады.

Тілші: Мазмұнды да, тұшымды сұқбатыңыз үшін рахмет, істеріңізге сәттілік тілейміз!

Сұқбатты жүргізген газеттің арнаулы тілшісі Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Қазақ халқының ұлы көсемі Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл



«Ахмет Байтұрсынұлы-ұлттық тарихымызда – ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға», – деп Әбіш Кекілбаев атамыз айтқандай, бар ғұмырын өз халқына шын құштарлықпен қызмет ету жолына бағыштаған, бар бақытын содан тапқан, табиғаты бөлек жан, ұлағатты ғалым – Ахмет Байтұрсынұлы 5-ші қыркүйек 1872 жылы қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1937 жылдың 8-ші желтоқсанында Алматы облысында қайтыс болған.

Ахмет Байтұрсынұлы мәдениетіміз бен ғылымымызға қалтқысыз қызмет сіңірген, таланты мен тағдыры, жан дауасын тек сол мақсаттан тапқан жан, күрделі тұлға, зерделі ғалым.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы аясында қалалық кітапханада «Қазақ халқының ұлы көсемі» атты тарихи кеш өтті. Кештің мақсаты: Қазақ халқының әлеуметтік, саяси, мәдени, тарихи өмірінде орны айырықша зор тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларына оқушыларды құрметпен қаратуға үйрету, бойына асыл қасиеттерді сіңіре білу. Кеш барысы-

на №1 жалпы білім беретін мектебінің 10-сынып оқушылары қатысып, Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларымен танысты. Жазушы шығармаларын талқылаған бейнежазба көрсетіліп, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар өз ойларын жеткізе отырып, кең құлашты, ұлан-асыр терең ойлы ғалым – Ахмет Байтұрсынұлымен толық танысып шықты.

Қорытындылай келе, халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан қазақтың ұлы көсемі, қоғам қайраткері, ұлы ұстаз – Ахмет Байтұрсынұлы мұраларын дәріптеп, оқушылар бойына адамгершілік, ұлтжандылық, отансүйгіштік қасиеттерді дарыту арқылы жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу болып табылады.

Өзі өлсе де, артына өшпес мұра қалдырған ақын шығармашылығы ұрпаққа үлгі-өнеге.

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ әдіскер Козыгельдиева Ш.У.

Шеберлік жаттығуда шындалады

«Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 44841 әскери бөлімінің жеке құрамы кезекті бақылау тексерісін тапсырды.

Алдымен, сабақжетекшілері жеке құрамды оқ атудағы барлық пәрменді білуі, атысты дер кезінде орындауы және атыс кезіндегі техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жөніндегі нұсқаулықтармен таныстырды.



Қауіпсіздік ережелерінен кейін жеке құрам автоматтан оқ атуды орындады. Жеке құрам нысананы көздеп, атыс жаттығуларын пысықтады. Жаттығу барысында әскери қызметшілер жауынгерлік даярлықтағы өздерінің біліктіліктерін анық байқатты.

Сабақтың бақылау тексерісі бойынша жеке құрам арасынан нысанаға дәл тигізуден жоғары ұпай жинап, үздіктер қата-

рынан көрінгендер де бар. Солардың бірі 95 ұпай жинаған сержант Ибрашев Алмат.

Жауынгерлік оқ ату жаттығулары жеке құрамның атыс дайындығын жетілдіріп қана қоймай, оқ ату дағдыларын шындайды.

Жеке құрамның атыс дайындығы сабағын 44841 әскери бөлімінің командирі подполковник Умитали Бектаев өзі бақылады.

– Шеберлік жаттығуда шындалады. Әскери ортадағы әрбір сарбаз жауынгерлік даярлықтағы көрсетіп жүрген жетістіктері күннен күнге артып келеді. Олардың атыс дайындығындағы жоғары деңгейдегі көрсеткіштері жаттығулардың нәтижелері деп білеміз. Жеке құрам осымен тоқтап қалмай, жауынгерлік даярлық көрсеткіштерін одан әрі жақсарту беретініне сенімдімін, – деді әскери қызметшілердің атыс дайындығы сабағындағы көрсеткіштеріне жоғары баға берген бөлім командирі.

**Приозерск гарнизонының
баспасөз хатшысы
лейтенант Думан Жұмашұлы**

ҚҰЖАТТАР ҚОЙМАСЫ – АРХИВ

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бергі ел тарихында елеулі өзгерістердің болып жатқанына мына біз де куәміз. Қай заман, қандай қоғамда болмасын, отаншылдықтың бастауында ұлттық мақтанш сезімі тұратындығы айдан ақиқат. Оның қайнар көзі – еліміздің тарихы мен мәдениеті, ұлттық құндылықтарымыз екендігіне сөз жоқ.

Қадамын енді басқан ел үшін салт-дәстүрінің атадан қалған асыл мұраларын келер ұрпаққа аманат ету, жалпы ұлттық құндылықтарымызды сақтау және барша халық игілігіне пайдалану – басты мақсатымызға айналғанына еш күмән жоқ. Сан ғасырлық тарихы бар еліміздің басынан өткен небір аласапыранның өзі құнды жәдігерлеріміздің бүгінгі күнге жетуіне кедергі бола алмағаны белгілі. Сол құндылықтарымызды сақтап, халық мүддесіне пайдалануды жүзеге асыру бүгінгі күні мемлекеттік архивтердің еншісінде. 1998-жылғы 22-желтоқсанда «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңы жарық көрді. Архивтің жаңа дәуіріне, оның өркендеуі мен дамуына айқын жол ашқан осы заң талаптарына сай жұмыс істеу архивтердің міндеті хәм мұраты деп білеміз. Қазіргі таңда архив саласына айрықша көңіл бөлініп, құжаттарды мемлекеттік сақтауға қабылдауда – қолданыстағы заң жобасына бүгінгі күн талабына сай

өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады және оны Қазақстан Республикасының ұлттық игілігі ретінде мемлекет қорғайды. Еліміздегі барлық архивтер төл заң аясында атқарылған барлық қызметтерін айқындаған және мемлекет пен азаматтар мүддесін абыроймен атқарып келеді. Кең байтақ еліміздің әр даласының, әрбір тасының өшпес тарихы бар. Соны жинақтау, сақтау және қорғау әрбір архивистің борышына айналғаны сөзсіз.

Ұлттық архив ұлт мұрасының алтын ордасы, төл тарихымыздың алып дінгегі екені баршаға аян. Осы заңымызға сәйкес Приозерск қалалық мемлекеттік архивінде мемлекеттік сақтауға өткен құжаттардың тізімдері, тізімдемелері мен сақтау бірліктері, қор карточкалары электрондық жүйеде жасалынған. Архивтің материалдық-техникалық базасы жылдан жылға нығаюда: принтер, сканерлер, жиһаз, қоймада ылғалдылық пен температураны өлшейтін құралдармен жабдықталған. Құжаттар әлеуметтік-құқықтық сипаттағы азаматтардың өтінішін қанағаттандыру үшін кенінен пайдаланылады. Сақтаудағы құжаттардан адамдарға еңбек өтілі, еңбек ақысы жөнінде анықтамалар беріледі. Тіпті архивке келмей-ақ сұрауды

электрондық пошта, интернет арқылы жолдап, архивтік анықтама алуда.

Сонымен бірге архивистер архив қорларының жиналуына, сақталуына күш салысып, белсенді қызмет атқаруда. Архив қорының толықтыру көзі болып табылатын мекемелерге, ұйымдар мен кәсіпорындарға өз тарапымнан әрқашан әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтарды және нормативтік-құқықтық актілер тізімдеріне сәйкес әдістемелік көмек көрсетіліп келеді. Приозерск қалалық мемлекеттік архиві құжаттарды қабылдау және пайдаланушылардың мүдделеріне сай пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме. Қалалық архивте үлкен жауапкершілігі жүктелгенін сезінетін, өз ісін білетін мамандар және тәжірибелі архивистер қызмет етеді. Ұлттық архив қорға түскен әр құжатты сақтауға өткізген соң, көздің қарашығындай қорғап, сол қалпында ұстап отыру – архив қызметкерлерінің қасиетті борышы. Ұрпақтар ауысса да, архив құжаттары қалады. Өйткені архив – мемлекеттің кешегі және бүгінгі тарихының сақтаушысы хәм алтын қоймасы іспетті.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Приозерск қаласының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1995-жылы 8-тамызда Приозерск қаласы әкімінің № 161/08

шешімі негізінде құрылды. Бүгінгі таңда мемлекеттік архивтің басшысы – Кенесов Жалмұрат Кенесұлының осы салада қызмет еткеніне ширек ғасырға жуықтап қалды. Жоғарғы сапатты архивші Жеңіскүл Кемалқызы мол тәжірибеге ие мамандар. Архивші Ерлан Исатайұлы Бакиров және бас есепші Фариза Исламадиновна Гулалиевалар өз қызметтерін тыңғылықты атқарып жүрген жас кадрлар. Қазіргі кезде архивте тұрақты сақтауда 23 593 сақтау бірлігі бар. Қалалық мемлекеттік заңды тұлғалардың құжаттарынан бөлек архив қорында «Ұлы Отан соғысы ардагерлері», «Приозерск қаласының құрметті азаматы», «Интернационалист-жауынгерлер», «Ақын, аудармашы», «Алғашқы тың игерушілердің» жеке тектік қор құжаттары сақталған. Сонымен қатар жеке тектік қор құжаттарын толықтыру мақсатындағы жұмыстар одан әрі күшейтілуде. Аз да болса, саз маман-қызметкерлермен бірлікте архив қызметін жақсарту түсуге мүдделі хәм құжаттар қорын толықтыруға мүмкіндітері жетерлік.

Сабира БОЛАТОВА,
құжаттарды пайдалану бөлімінің
бөлім басшысы.

В Приозерском гарнизоне отметили день войсковой части ПВО праздником коллектива войсковой части 44841.

Восемнадцатого сентября 1998 года в целях укрепления опороспособности страны и дальнейшего развития Сил Воздушной обороны в городе Приозерске Карагандинской области была образована войсковая часть 44841.



В тот период под руководством первого командира войсковой части полковника Ивана Ахматова и начальника штаба подполковника Олега Гурьянова в кратчайшие сроки были созданы жилищно – бытовые

условия для личного состава, получены боевая техника и вооружение.

Сегодня на базе войсковой части действует учебный центр, где проводятся учения и испытания военной техники и вооружения. К примеру, на полигоне

«Сарышаган» состоялись первые тактические учения с боевой стрельбой при участии боевых расчетов зенитно – ракетных бригад «Боевое содружество - 2001». Во время проведения учений

«Щит Родины - 2002» учебный центр принял 4500 участников.

В разные годы ею командовали полковник Сергей Чигарин, полковник Куат Муставинов, подполковник Арслан Уалиев и подполковник Орынбасар Жубанов.

Помимо тактических учений личный состав воинской части обеспечивает испытательные стрельбы боевых расчетов войск противовоздушной обороны.

Так, на полигоне «Сарышаган» в 2020 году прошли войсковые испытания зенитно – ракетного комплекса «БУК – М 2Э», который теперь есть на вооружении Сил Воздушной обороны страны.

Начальник пресс – службы
Приозерского гарнизона
лейтенант Думан Жумаевич



Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: "ИП Исатай М.А."
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №12/12, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
"Қазпошта" бөлімшелерінде жазылу индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.